

Буын үндестігі

Тасыма

Ерін үндестігі

л



Ерін үндестігі

Дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметіне қарай үндесіп келуін ерін үндестігі деп аталады. Бұл заң бойынша сөздің бірінші буынында еріндік дауысты болса, қалған буындарында да еріндіктер тұруға тиіс.

түйөлөрүмүздүң

көбөлөктөрдү



Қазіргі қазақ тіліндегі ерін
үндестігі жайында пікір
айтушылар

І.Кеңесбаев

Р.СЫЗДЫҚОВА

А.Байтұрсынұлы

В.В.Радлов


П.М.Мелиоранский

Н.Сауранбаев

Ә.Жүнісбеков




Академик [І.Кенесбаевтың](#) тұжырымын негізге алып жүр . 1954 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің» [фонетика](#) тарауында былай делінген: «[Әдеби тілде](#) (жазу нормасын еске алғанда) ерін үндестігі тіпті еленбейді десе де болады. Осыған қарағанда ерін үндестігінің қазақ әдеби тілі үшін айтарлықтай үлкен мәні бар деуге болмайды». Ал келесі бетте мынадай жолдар жазылған: «Қазақтың ауызекі тілінде аздап болса да ерін үндестігі байқалады. Ерін үндестігінің күші үш буыннан аспайды: әсіресе екі буынды сөзде ерін дауыстысымен келген алғашқы буынның еріндік ықпалы анық сезіліп тұрады: үшінші буында солғындау сезіледі». Осы қағида фонетика оқулығының кейінгі басылымдарында да өзгеріссіз қайталанып жүр. Бұдан шығатын тұжырым: [қазіргі қазақ тілінде](#) бірінші буында еріндік дауыстылар (о, ө, ұ, ү,) келіп, екінші буында езулік е, ы, і әріптері жазылса, онда оларға (е, ы, і) еріндік (ө, ұ, ү,) дауыстылардың міндетті түрде әсері болады. Тіпті «Қазақ тілінде өзге түркі халықтарының тілдеріндегі сияқты еріндік дауысты дыбыстар үндестігі жоқ» - дейтін автор да: «күлүн, жұлүн, төсө сияқтанып естіліп тұрса да» - дейді.




Сөздің айтылу нормаларын арнайы қарастырған еңбегінде **Р.Сыздықова** да ерін үндестігі туралы өз зерттеуінде былай дейді: «Сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы ұ,ү,у,о,ө дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген у дыбысы (тауық, бауыр сияқты сөздерде) келесі буындағы ы, і дыбыстарын өзгертіп, ұ, ү-лерге жуықтатып естіртеді.

Мысалы: кү-ліп, құ-лын, бү-гін, о-рын болып айтылады. Еріндік дыбыстардың ықпалы үшінші, төртінші буындарда біртіндеп әлсірей береді. Мысалы: күмістің деген сөздің екінші буыны ү-ге ұқсап, соған жуық айтылса, үшінші буынында і-ге жуықтау айтылады: күмүсті».




Еріндіктерді «бас буыннан басқасында келмейді, бас буыннан басқасын сүймейді» - деп жазуда шектеген А. Байтұрсынұлы екені белгілі. Бұған қарағанда, олар бас буыннан басқа буында айтылмайтын сияқты. Ерін үндестігін аңғарып, айқындау үшін орыс тілді зерттеушілердің қазақ тілі жөніндегі еңбектерін екшеп, зерделеу керек болды. Сол үшін де біз оларға біраз тоқталған едік.




Академик В.В.Радлов «Опыт словаря тюркских наречи» деп аталатын даңқты еңбегінде қазақ (кітапта қырғыз деп берілген) сөздерін мол қамтыған. Фонетика тұрғысынан сөздіктің бір артықшылығы сөздер орыс алфавиті негізінде жазылған. Ал араб алфавитімен жазылған сөздерден әсіресе ерін үндестігін айқындау мүлдем қиын. Түркі сөздерінің дыбыстық жүйесін дұрыс беруді мақсат еткен В.В.Радлов қазақ сөздерін: бөлтүрүк, дүрүлдө, тоқшұлұқ түрінде жазған. «Түркологияның атасы» аталған академик В.В.Радловты сөздерімізді бұзып жазған деуге ешқандай хақымыз жоқ. Қазақ тілінің грамматикасын жазған профессор П.М.Мелиоранский қазақ сөздерін төрөлөр, төрөлөрдүн, төрөлөргө, төрөлөрдө, төрөлөрдөн, төрөлөрдө, төрөлөрдөй деп септеп, *жүдөгөй*, *жүдөгүймүн*, *жүдөгүйсүң*, *жүдөгөйсүз* деп жіктейді. Оның айтуынша, ерін үндестігі қазақ, қырғыз тілдерінде ұқсас, тек қазақ тілінде о дыбысы бірінші буында ғана айтылады

В.В.Радлов та, П.М.Мелиоранскийде де: ”Сонда Тарғын сөйлөйдү, сөйлөгөндө бүй дейді” деп келеді. Ал бұлардың түсінігінде, жазуында (дәл мәселеге байланысты) жаңсақтық, білместік бар деуге әсте аузымыз бармайды. Қайта жазуды күйттейміз деп жүріп, тіліміздегі осы бір жарасымдылықтың қиюын қашырып, құнсыз етіп алсақ керек. Тек еріндік дауыстылар ғана емес, қос ерін у дауыссызы да өз айналасындағы қысаң дауыстыларға (жазуда – ы, і, е) азды-көпті әсер етеді. Мұны кезінде В.В.Радлов та, П.М.Мелиоранский де байқаған. Мәселен, В.В.Радлов сөздігінде: «дәурөн, дәулөт, даусұ, аузұ, ұқшұл, ал П.М.Мелиоранскийде: *біредұ*, *таудұң*, *ауұздұқ* т.б. түрде ұшырайды



Сингармонизм – тіліміздің тарихи дамуының нәтижесінде қалыптасқан заңдылық, өзге тілден ерекше етіп тұратын өзіндік жарасым. Тіліміздің табиғи жарасылымдылығына ерін үндестігі де жатады. «Ерін үндестігі өткен ғасырлар ішінде күшті болған, енді әлсіреп құрып барады» (академик Н.Сауранбаев) десек, оған себеп, біріншіден, жазудың ықпалы, өзіміздің құнтсыздығымыз болса, екіншіден, артикуляциялық базамыздың дамуы, ерін үндестігі жоқ көрші тілдердің әсері деп қарау керек. Ерін үндестігін дұрыс түсіну үшін еріндік дауыстылар мен езулік дауыстылардың көрші буындарда қатар тұру мүмкіндіктерін ескеру керек. Сонда екі буынды сөздерде тек ашық а езулігінің ғана о, ұ еріндіктерінен кейін тұру мүмкіндігінің барын көруге болады: ора, орақ, отан, қола бұта т. б. Қалған жағдайда еріндіктер мен езуліктер бір сөз ішінде қатар айтылмайды. Әсіресе еріндіктерден кейін езуліктің айтылу мүмкіндігі жоқ деуге болады. Тек *мазмұн, мақұл, мақұлық, марқұм, мәжнүн, куә, күнә, мәжбүр, дәстүр* деген сияқты санаулы ғана кірме сөздерде бұл заңдылық сақталмауы мүмкін. Ашық *а* және *ә* езуліктерінің өздерінің ашықтығының арқасында еріндік дауыстылармен еркін қатынасқа түсу мүмкіндіктері бар. Алайда тілдің табиғи жарасымы оларды да шектеп қойған

Еріндіктердің езуліктермен қарым-қатынасының барынша шектеулі болуы, еріндіктердің өзара (о дыбысынан басқалары) мидай араласып жататыны, яғни тілімізде ерін үндестігінің барын қуаттайды. Сингармонизмнің мәні мен сәнін құрауға тіл және ерін үндестігі тең қатысады. Ерін үндестігінің күші, жұрт айтып жүргендей, екі буынмен шектелмейді. Бірінші буында дөңгеленіп, сүйірленіп алған ерін екінші буында (ашық а дыбысы болмаса) тез жайылып өз қалпына келмейді және ол үшінші буында да аяқтала қоймайды.



Буын үндестігі

Буын үндестігі - сөз ішіндегі, сөз бен қосымша арасындағы дауыстылардың не бірыңғай жуан, не жіңішке болып айтылу заңдылығы. Буын үндестігін ғылымда *сингармонизм* заңы деп те атайды. Қазақ тілінде сөздер бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келеді. Кейбір жағдайларда жуан және жіңішке дыбыстар аралас келеді. Бұл мұндай жағдайларда:



Басқа тілден енген
сөздер

*(кітап, қадір,
мұғалім т.б.)*

Біріккен сөздер

*(бойжеткен,
баспасөз т.б.)*

Қос сөздер

*(қыз келіншек, жоғары-
төмен т.б.)*



Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар

Қазақ тілінде осы қосымшылардың бір тобы соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарамастан, не жуан, не жіңішке қалпында қосылады. Көмектес септік жалғаулары: **-мен, -бен, -пен** (*доп-пен, дос-пен* т.б.) **-нікі, -дікі, -тікі** (*апам-дікі, қойшы-нікі*) **-жаң, -тай, -тал, -дар, -еке, -тар** (*аға-жан, шеше-тай, білім-дар, ата-еке, сезім-тал* т.б.) **-хана, -стан, -кент, -күнем** (*дәрі-хана, Пәкі-стан, Шым-кент, пайда-күнем* т.б.)

-кер, -гер, -қор, -паз, -қой, -ғой, -гөй, -кеш -уар (*қалам-гер, пәле-қор, өнер-паз, кәсіп-қой, кіре-кеш, сөз-уар* т.б.)

-ов, -ев, -ин (*Сейсенбеков-тің, Алмабаев-тың*). Мұнда қосымша түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады. Қазақ тілінде басқа тілден енген сөз алдынан қосылатын **бей-**, **би-** қосымшалары да үндестік заңына бағынбайды (*бей-берекет, бей-шара, бей-тарап* т.б.)

Тасымал

Жазып келе жатканда сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір буынды немесе бірнеше буынды екінші жолға көшіруді тасымал дейді. 1. Екі дауысты дыбыстың ортасында –й-у- дауыссыз дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: жа-уап, қа-йын, са-уын, ке-йін, қа-уын, жа-уын, ба-уыр, та-уар т.б. 2. Тасымал буынға негізделеді.

Тасымалдауға болмайтын жағдайлар

1. Бір дыбысты ашық буын. а-та, ә-ке т.б.
2. Екі, үш дыбысты түйік буынды бөліп-жарып тасымалдауға болмайды: ат-ант-өрт, ұлт т.б.
3. Бітеу буындарды да тасымалдауға болмайды. күс, мал, бұл, төрт, бас-қар, жал-ғыз т.б.
4. Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды: ҚР, БҰҰ, ТМД т.б.
5. Адам атының, әкесінің атының қысқартылып алынған әріптері: А. Құнанбаев. А.С.Пушкин. М.О.Әуезов т.б.
6. Цифрлар арқылы таңбаланған сандар: 15га, 25см т.б.
7. Буын құрай алмайтын дауыссыздар тіркесі.Мысалы: электр, станция, ансамбль, вол

**Назарларыңызға
рахмет!**

